

## ЭТНОПСИХОЛИНГВИСТИКА ТҰРҒЫСЫНАН ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Құсайын Гүлденсін Жұматқызы

[guldu.2018@mail.ru](mailto:guldu.2018@mail.ru)

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 1 курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор – Абдрахманова Ж.М

Шешендік өнер – кез келген халықтың мәдениетінде маңызды орын алатын өнер түрі. Ол сөздің сәні мен көркемдігін, қоғамдағы әлеуметтік қатынастар мен ұлттық сананы бейнелейтін ерекше құрал. Шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық мәні – бұл сөзбен әсер ету мүмкіндігі мен шеберлігін туралы, сондай-ақ шешеннің сөйлеген сөзі арқылы халықтың дүниетанымы, құндылықтары мен психологиялық ерекшеліктері көрініс табады. Әрбір халықтың шешендік өнері өзіне тән ерекшеліктермен ерекшеленеді, себебі ол сол халықтың тілін, мәдениетін, тарихын, сонымен қатар оның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени процестерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық тұрғыдан зерттелуі аса маңызды. Бұл зерттеу шешендік сөздің халықтың рухани мәдениетінде алатын орнын анықтауға, ұлттық сананың қалыптасу процесін тереңірек түсінуге жол ашады.

Қоғамдағы өзгерістер мен мәдениетаралық байланыстар артқан заманда шешендік өнердің орны мен рөлі жаңаша сипатқа ие болуда. Шешендік өнер арқылы халықтың әлеуметтік және саяси мәселелерге деген көзқарасы, тарихи тәжірибесі мен мәдени дәстүрлері көрініс табады. Мұндай аспектілерді зерттеу қоғамның өзгерістеріне байланысты ұлттық шешендік дәстүрлердің қалай сақталып отырғанын, қалай трансформацияланып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық талдауы – бұл ұлттық тілдің көркемдігі мен мәнін ашып қана қоймай, тілдің қоғам мен мәдениет өміріндегі қызметін де анықтауға көмектеседі. Мақалада шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық аспектілері жан-жақты қарастырылып, оның ұлттық ерекшеліктері мен қоғамдағы рөлі талданады. Бұл зерттеу шешендік өнердің тек тілдік құралдар мен техникалық әдістердің жиынтығы емес, сонымен қатар халықтың психологиясын, құндылықтар жүйесін, ұлттық санасын бейнелейтін күрделі құбылыс екенін көрсетуді мақсат етеді. Оны талдау арқылы біз тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, қоғамның өзгерістеріне әсерін, сонымен қатар шешендік сөздің ұлттық дәстүрлер мен психологиялық ерекшеліктерді қалай сақтайтынын анықтай аламыз. Демек, шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық мәнін зерттеу – бұл мәдениет, тіл және қоғамды тереңірек түсіну жолындағы маңызды қадам. Мақала осы мәселені ашып көрсетіп, ұлттық шешендік өнердің тілдік, психологиялық және мәдени мәнін түсіндіруге бағытталған.

Шешендік өнер – адамзат тарихының қай кезеңін алып қарасақ та ерекше маңызға ие болған коммуникация формасы. Ол ойды көркем жеткізіп, тыңдаушыға ықпал ету, қоғамдағы саяси, әлеуметтік және мәдени үдерістерге әсер ету құралы ретінде қалыптасқан. Шешендік өнердің теориялық негіздерін түсіну үшін оның тарихи тамырына, қоғамдық рөліне және тіл мен психология арасындағы байланысына назар аудару қажет. Бұл өнердің қалыптасуы қоғамдағы ақпарат алмасу мен билік жүргізу тетіктерімен тығыз байланысты. Антикалық дәуірден бастап, шешендік сөз философиялық, саяси және құқықтық дискурстың ажырамас бөлігіне айналды. Ал қазақ мәдениетінде шешендік өнер халық даналығының айнасы ретінде дамып, билер институтымен тығыз өрбіді. Шешендік өнердің этнопсихолінгвистикалық аспектілері оның ұлттық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Әр халықтың шешендік дәстүрі оның тарихи тәжірибесі, мәдени құндылықтары мен тілдік

ерекшеліктері арқылы қалыптасады. Қазақ халқының шешендік өнерінде мазмұн мен құрылым халықтың дүниетанымын бейнелейді. Мысалы, билердің сөздері әділдікті орнату құралы, сондай-ақ тәрбиелік мәні зор философиялық тұжырымдар ретінде қызмет етті. Мұндай ерекшеліктер шешендік өнердің тілдік феномен және этнолингвистикалық құбылыс екенін көрсетеді. Қазақ шешендік дәстүрінде мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен символикалық бейнелер маңызды орын алады. Мұндай тілдік элементтер халықтың ұжымдық жадында сақталған әлеуметтік тәжірибені көрсетіп, тыңдаушының эмоциялық қабылдауына әсер етеді. Сондықтан шешендік өнерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу ұлттық болмысты, мәдени кодтарды және тілдік дүниетанымды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Шешендік өнердің психоллингвистикалық аспектісі оның адамның санасы мен эмоцияларына әсер ету мүмкіндігінде көрінеді. Шешендік сөздің коммуникативтік ықпалы негізінен сөйлеушінің интонациясы, дауыс ырғағы, эмоционалдық әсер ету қабілеті және аудиториямен қарым-қатынас орнату шеберлігіне байланысты. Тыңдаушының шешендік сөзді қабылдауы оның мәдени ортасы мен психологиялық ерекшеліктеріне тәуелді. Осыған байланысты, шешендік өнер психоллингвистикамен тығыз байланысты болып, сөйлеу әрекетінің когнитивтік және эмоционалдық аспектілерін зерттеуді қажет етеді. Сөздің әсер ету күшін түсіну үшін оның қандай психологиялық тетіктер арқылы қабылданатынын білу маңызды. Мысалы, шешендер дауыс ырғағын өзгерту, логикалық екпін қою, тыңдаушының қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап әдісін қолдану сияқты тәсілдерді меңгере отырып, сөздің психологиялық әсерін күшейтеді. Шешендік өнердің тиімділігі сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара түсіністік деңгейімен өлшенеді, ал бұл факторлар психоллингвистиканың зерттеу нысаны болып табылады. Яғни, байқап отырғанымыздай, шешендік өнердің теориялық негіздері оның тарихи қалыптасуы, этнопсихоллингвистикалық ерекшеліктері және адам психологиясына әсер ету тетіктерімен айқындалады. Ол – сөйлеу шеберлігінің жиынтығы, сонымен қатар халықтың мәдени құндылықтарын сақтайтын, қоғамдағы коммуникацияны реттейтін және адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыратын күрделі құбылыс. Шешендік өнерді этнопсихоллингвистикалық зерттеу оның мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін, ұлттық сана мен мәдениетке тигізетін ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Шешендік өнер мен этнопсихоллингвистика – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Себебі шешендік өнер – сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші, ол халықтың дүниетанымы, құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін бейнелейтін әлеуметтік-мәдени феномен. Шешендік өнердің ұлттық сипат алуы тікелей этнопсихоллингвистикалық факторларға тәуелді. Әрбір халықтың шешендік дәстүрі оның тарихи тәжірибесімен, қоғамдық құрылымымен және тілдік дүниетанымымен астасып жатады. Қазақ халқының дәстүрінде шешендік өнер тек сөз саптау өнері емес, әділдік пен биліктің, тәрбиенің маңызды тетігі болды. Ежелде билер сөзі халықтың заң орнына жүгіне алатын даналықтың көрінісі іспеттес болып, моральдық-этикалық нормалардың қалыптасуына ықпал ететін құрал ретінде қолданылды. Мұндай ерекшеліктер шешендік өнердің ұлттық болмыспен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтар шешендік өнерде айқын көрініс табады. Әр халықтың сөз саптау ерекшелігі оның мәдениеті мен дүниетанымынан бастау алады. Қазақ шешендік өнерінде әділеттілік, ақыл, парасат, батырлық пен бірлік секілді ұғымдар басты орынға шығады. Бұл ұғымдар сөз арқылы, олардың құрылымы мен қолданылу тәсілдері арқылы беріледі. Шешендік сөздерде тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің жиі қолданылуы – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған даналығын сақтаудың, оны келесі ұрпаққа мұра етіп қалдырудың тәсілі. Сондай-ақ, шешендік өнерде логикалық дәлелдер мен риторикалық сұрақтар арқылы тыңдаушыға ықпал ету әдістері жиі кездеседі. Қазақ шешендерінің сөздерінде аргументативтік құрылым айқын байқалады: олар көбінесе орын алған оқиғаны көркемдей баяндаудан басталып, дәлелдермен жалғасып, қорытынды оймен аяқталады. Мұндай құрылым халықтың танымдық ерекшеліктерін де бейнелейді.

Шешендік өнердің тілдік құрылымы этнолингвистикалық ерекшеліктермен де астасып жатыр. Әрбір тілде шешендік сөздің өзіндік стильдік құралдары мен әдістері бар. Қазақ шешендік өнерінде поэтикалық құрылым ерекше орын алады. Шешендер сөзді бейнелі, метафоралық сипатта жеткізу арқылы тыңдаушының эмоциясына ықпал етуге тырысқан. Әрі шешендік өнерде ұлттық тілдік нормалар сақталып, дәстүрлі сөйлеу мәнері көрініс табады. Қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді тұлғалар өз сөздерінде халықтың салт-дәстүрін, моральдық ұстанымдарын ескере отырып, сөздің мағыналық тереңдігін арттырған. Олардың бүгінгі ұрпаққа дейін жеткен шешендік сөздері заңдық немесе билік жүргізу құралы ретінде, халықты тәрбиелеу, ой салу, бағыт-бағдар беру мақсатын да көздеді. Шешендік өнер халық психологиясымен де тығыз байланысты. Себебі, сөз – ақпарат жеткізу құралы, ол тыңдаушының эмоциясына, санасына әсер ететін күшті механизм. Адамдардың қабылдау ерекшелігіне байланысты шешендер сөзді интонация арқылы әсерлі жеткізіп, тыңдаушыны сендіру үшін белгілі бір әдістерді қолданған. Қазақ шешендік өнерінде сөзге сендірудің негізгі тәсілдері – салыстыру, антитеза, метафора, қайталау мен риторикалық сұрақтар. Бұл тәсілдер тыңдаушының эмоциялық күйін өзгертуге, олардың белгілі бір пікірге бейімделуіне ықпал етеді. Халық психологиясы шешендік өнерде тілдік таңбалар арқылы көрініс табады. Мысалы, қазақ халқында табиғатқа, жан-жануарларға қатысты метафоралар шешендік сөздердің негізгі құрылымдық элементтерінің бірі болып табылады. Бұл – халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру қағидатынан туындаған тілдік ерекшелік. Шешендік өнер арқылы халықтың белгілі бір оқиғаға немесе жағдайға деген көзқарасы, оның эмоциялық және психологиялық реакциясы анықталады.

Яғни, шешендік өнер мен этнопсихоллингвистика арасындағы байланыс халықтың тілдік және мәдени ерекшеліктерін зерттеуде маңызды рөл атқарады. Шешендік өнер – сүбелі сөз саптау, халықтың ұлттық болмысын бейнелейтін рухани мұра. Оның құрылымы, мазмұны мен психологиялық әсер ету әдістері этнопсихоллингвистикалық тұрғыдан қарастырылғанда ғана оның терең мәні ашылады. Осы себепті де шешендік өнерді тек тілдік құрал ретінде емес, халықтың мәдениетін, психологиясын және дүниетанымын бейнелейтін маңызды феномен ретінде қарастыру қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шқанова Б. (1995), Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері, Алматы.
2. Шындалиева М. (1996), Шешендік пен ақындықтың дәстүрлі байланысы, Алматы.
3. Садырбаев С. (1995), Халық әдебиетінің тарихи негіздері, Алматы.